

**Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 85 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 наурызда № 13391 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына, "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 24.06.2021 № 366 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықтың көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде тіркелген күннен бастап Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

5) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Заң департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы департаменті, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың, ішкі істер департаменттері:

1) осы бұйрықты көші-қон полициясы бөліністері жеке құрамының зерделуін ұйымдастырсын және оның талаптарын мүлтіксіз орындауды қамтамасыз етсін;

2) сауалнама-өтініштердің, анықтамалар мен журналдардың (Қағидаға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13-қосымшалар) бланкілерін дайындауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы департаментіне (С.С. Сайынов) жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*  
*полиция генерал-полковнигі*

*Қ. Қасымов*

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрінің  
2016 жылғы 28 қаңтардағы  
№ 85 бұйрығына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіпшен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. Қағиданың және 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 30-бабына, "Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес әзірленді

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 24.06.2021 № 366 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда төмендегі ұғымдар қолданылады:

1) арыз иесі – әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін әкімшілік органға, лауазымды адамға жолданым берген адам, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік акт қабылданатын, әкімшілік әрекет жасалатын (әрекетсіздік танылатын) адам (әкімшілік актінің адресаты) ;

2) әкімшілік акт – жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім;

3) әкімшілік орган – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік заңды тұлға, сондай-ақ өзге ұйым;

4) әкімшілік рәсім – әкімшілік органның, лауазымды адамның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет; әкімшілік әрекет;

5) бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары – бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының азаматтары;

6) жаппай саяси қуғын-сүргіннің ақталған құрбандары – сот тәртібінде не заңмен белгіленген өзге тәртіпте саяси қуғын-сүргіндердің құрбаны немесе саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен деп танылған адамдар;

7) Қазақстан Республикасында тұрақты тұрушылар деп – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 992 бұйрығымен бекітілген (Мемлекеттік құқықтық нормативтік актілерді тіркеу тізілімінде № 12880 болып тіркелген) Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларымен белгілеген тәртіппен тұрақты тұруға рұқсат алған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар танылады.

8) қандастар – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін оның шегінен тыс жерде туылған және тұрақты тұрған ұлты қазақ балалары;

9) этникалық қазақ – шетелде тұрақты тұратын ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.10.2021 № 642 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін анықтау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) қабылдау, ресімдеу және қарау тәртібі**

**Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) қабылдауды өтініш иесінің тұрақты тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау, азаматтықты қалпына келтіру, азаматтықтан шығу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту үшін негіз "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабымен көзделген.

Азаматтыққа жататындығын айқындау және азаматтықты жоғалту мәселелері жөніндегі шешімдерге шағымдар Қазақстан Республикасының Президентінің атына беріледі.

Азаматтық мәселелері жөніндегі шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қайта қарауы мүмкін.

Азаматтық мәселелері жөніндегі өтінішті қабылдаудан негізсіз бас тартуға, өтініштерді қарау мерзімін бұзуға, сондай-ақ лауазымды адамдардың азаматтық туралы істерді қарау тәртібін және азаматтық мәселелері жөніндегі шешімдерді орындау тәртібін бұзатын басқа да құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (бұдан әрі-Кодекс) 13-тарауымен көзделген бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды адамға әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіпте шағым берілуі мүмкін.

Шағымды әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіпте қарауды шағымды қарайтын жоғары тұрған әкімшілік орган (лауазымды адам) жүргізеді.

Шағым әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға (лауазымды адамға) беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган (лауазымды адам) шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік орган (лауазымды адам) егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім қабылдаса не әкімшілік әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Шағым Кодексте белгіленген мерзімдерде қаралады.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына келіп түскен азаматтық мәселелер жөніндегі материалдар азаматтығын өзгерту себебіне және сауалнамалық мәліметтің толықтығына, өтініш иесінің және оның отбасы мүшелерінің тегінің, аты мен әкесінің атының (бар болған жағдайда) дұрыстығы тексеріледі.

Осы Қағидаларға сәйкес өтініш иесі толық емес құжаттар пакетін немесе толық емес мәліметтерді ұсынған жағдайда лауазымды адам үш жұмыс күні ішінде құжаттар пакеті қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетіп, өтініш иесіне хабарлама жолдайды.

Егер өтініш иесі хабарлама алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде толық құжаттар пакетін ұсынбаса және (немесе) ұсынылған құжаттардағы кемшіліктерді жоймаған болса лауазымды адам өтінішхатты қараудан бас тарту туралы хабарлама жолдайды.

Өтінішхат (өтініш) өтініш иесі осы Қағидаларда көзделген барлық құжаттарды берген күннен бастап орындауға қабылданды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және одан шығару бойынша сауалнама-өтінішке тиісті белгі қойылады, ол материалды қарауға қабылдаған қызметкердің қолымен расталады.

Азаматтыққа қабылдау және азаматтықты қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және азаматтыққа тиесілігін айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттар (өтініштер) осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке тұлғалардың өтінішхаттарын (өтініштерін) есепке алу журналына тіркелуге және қаралуға жатады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын алу не азаматтықтан шығу туралы өтініш берген адамдарға олардың талабы бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдау туралы анықтама беріледі. Анықтаманы Полиция департаменті (бұдан әрі – ПД) азаматтықты ресімдеу мәселесі бойынша өтініш берген адам туралы мәліметтерді кейіннен "Бүркіт" Бірыңғай ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – "Бүркіт" БАЖ) Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау не азаматтықтан шығу үшін барлық қажетті құжаттардың электронды көшірмелерін қоса отырып, Көші-қон полициясының ақпараттық жүйесі арқылы енгізгеннен және нәтижесін алғаннан кейін ғана береді.

Анықтамаларды берген кезде өтініш берген адамдардан істегі материалдарға қоса тіркелген көшірмелермен салыстыру үшін цифрлық құжаттар сервисі арқылы ұсынылатын жеке басты куәландыратын құжаттардың түпнұсқалары немесе олардың электрондық нысаны талап етіледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының аумағында берілген және цифрлық құжаттар сервисі арқылы электрондық нысанда пайдаланылатын азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктер, анықтамалар, жеке басты куәландыратын құжаттар басып шығарылған түрде ұсынылады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) қарау оларды тапсырған күннен бастап 6 (алты) ай, жеңілдетілген тәртіппен – 3 (үш) ай ішінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.08.2022 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Тиісті түрде ресімделген материалдарды өтініш иесінің тұрғылықты жері бойынша аудандық ішкі істер органы бағыныстылығы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ПД-ға жолдайды.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ПД азаматтық мәселелер бойынша материалдардың дұрыс ресімделуін тексереді, іс жүргізеді, өтініш беруші адам туралы мәліметтерді Көші-қон полициясының

ақпараттық жүйесі арқылы "Бүркіт" БАЖ-ға енгізеді, ол бойынша дәлелді қорытынды шығарады және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне (бұдан әрі – Қазақстан Республикасы ІІМ) күнтізбелік он күн ішінде жолдайды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.08.2022 № 706 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін айқындау туралы өтініш білдірген адамға Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары соттылығының болуы не болмауы, әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығы туралы мәліметті прокуратура органдарының құқықтық статистика және арнайы есепке алу бөліністерінен Қазақстан Республикасының құқық қорғау және арнайы органдарының ақпарат алмасу жүйесі (бұдан әрі – ҚАОААЖ) арқылы сұратады, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының барлық есептері бойынша тексереді және " Бүркіт" БАЖ-ға Көші-қон полициясының ақпараттық жүйесі арқылы мәліметтерді енгізеді. "Бүркіт" БАЖ арналары арқылы материалдар Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына келісуге жолдайды.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.10.2021 № 642 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін анықтау туралы өтінішхаттарды ( өтініштерді) қарау нәтижелері бойынша дәлелді қорытынды шығарылады, онда өтініш иесін сипаттайтын тексерілген деректер толық жазылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін анықтау мәселелері бойынша қорытынды ерікті нысанда жасалады және ПД бастығы немесе оның орынбасары бекітеді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

8. Қазақстан Республикасы ІІМ Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау, азаматтықты қалпына келтіру, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы материалдарды келіседі және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқықтық бөліміне жолдайды және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау, қалпына келтіру және шығу туралы өтініш білдірген адамдардың құрылған тізімі Ұлттық қауіпсіздік комитетіне Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссияның жоспарына сәйкес мәлімет үшін жолданады.

Тиісті түрде ресімделмеген материалдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ПД-ге заңнамаға сәйкес келтіру үшін қайтарылады. Кемшіліктерді жою мерзімі күнтізбелік он күнді құрайды, кейіннен материалдар Қазақстан Республикасы ІІМ-ге қайта жолданады.

Өтініш иесінің тұрғылықты жері бойынша жоқтығына немесе басқа мемлекеттердің құзыретті органдарынан уақтылы жауаптың түспеуінен кемшіліктер жойылмаған жағдайда өтінішхатты (өтінішті) қарау тоқтатылады, ол туралы өтініш иесіне бес жұмыс күні ішінде хабарлама жіберіледі, оның көшірмесі істегі материалдарға тігіледі.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.08.2022 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Қазақстан Республикасының ішкі істер органы Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) азаматтықтан шығу туралы материалдарды ұсынғандарға өтінішхаттан (өтініштен) бас тартқан кезде алдын ала, әкімшілік актіні қабылдағанға дейін бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш иесіне әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге ұстанымын білдіру үшін тыңдау өткізу туралы хабарлама жолданады. Тыңдау хабарлама берілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтінішхатты (өтінішті) әрі қарай қарау туралы шешім қабылданады, Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту үшін негіз болған жағдайда, өтініш иесіне бас тартудың себебін көрсете отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудан, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруден (одан шығудан) бас тарту туралы анықтама жолдайды. Анықтаманың екінші данасы өтініш иесінің жеке ісіне тігіледі.



**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.10.2021 № 642 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. 18 жасқа толмаған, сондай-ақ әрекетке қабілетсіз деп танылған адамға қатысты Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау, қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтінішхатты (өтінішті) олардың заңды өкілдері баланың тууы туралы куәлігінің не әрекетке қабілетсіз адамның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырған көшірмесімен бірге ұсынады ( асырап алушылар, қамқоршылар және қорғаншылар жергілікті атқарушы орган шешімінің көшірмесін ұсынады). Бұл ретте 14-тен 18-ге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған баланың өзі қол қоятын және біруақытта олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің өтініштері берілетін келісімі талап етіледі.

Ата-анасының өтінішхатына (өтінішіне) осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша сауалнамаларда-өтініштерде көрсетілген баланың туу туралы куәліктерінің көшірмелері қоса беріледі.

11. Аудандық, қалалық ішкі істер органдарында, ПД-де, Қазақстан Республикасы ПМ-де және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарының өтінішхатты (өтінішті) қарау мерзімі осы органдардың әрқайсысында бір ай, ал жалпы алғанда - алты айды құрайды.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

12. Қазақстан Республикасы ПМ азаматтыққа қабылдау және азаматтықты қалпына келтіру, азаматтықтан шығару мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын алғаннан кейін күнтізбелік бес күн мерзімінде материалдарды ұсынған ПД-ге хабарлайды.

ПД Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын алғаннан кейін қалалық, аудандық ішкі істер органдары арқылы өтініш иелерінің тұрғылықты жері бойынша күнтізбелік бес күн мерзімінде оларға қаралған өтінішхаттардың (өтініштердің) нәтижелері туралы хабардар етеді.

Егер адам тұратын жерін өзгерткен болса, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қабылданған шешім туралы хабарламаны өтініш берушінің жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына жолдайды.

Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының орындалуы туралы ПД Қазақстан Республикасы ПМ-ге Жарлыққа қол қойылған күнінен бастап бір айдан аспайтын мерзімде хабарлайды.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

13. Ата-анасының азаматтығы өзгергенде және асырап алу кезінде баланың азаматтығы "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес айқындалады.

14. Заңның 33-бабына сәйкес өтінішхатқа (өтінішке) басқа адам қол қояды, ол туралы нотариус өтінішке тиісті жазба жазады.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау тәртібі**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Қазақстан Республикасының азаматтығына:

1) Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрған не Қазақстан Республикасының азаматымен кемінде үш жыл некеде тұрған адамдар. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы ұсынымхат берілген сәтте тұру немесе некеде болу мерзімі үзіліссіз болуы тиіс.

Кәмелетке толмағандардан, қабілетсіз не Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбек сіңірген адамдардың не "Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың оңайлатылған тәртібі белгіленетін адамдар үшін кәсіптердің тізбесін және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 маусымдағы № 1587 Жарлығымен бекітілген тізбе бойынша кәсіптерге ие және талаптарға сай келетін адамдардан және олардың отбасы мүшелерінен Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаған кезде осы тармақшаның бірінші бөлігінде көзделген шарттардың болуы;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыскандарының бірі – баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасыны тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, қабылданатын болады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Заңның 38-бабына сәйкес республиканың аумағында тұру мерзіміне:

1) егер адам әскерге дейін республика аумағында тұрып, әскерден босатылған күні мен Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген күні арасындағы үзіліс үш айдан аспаса, әскерде қызмет еткен уақыты;

2) егер оқуды бітірген немесе оқу орнынан шығарылған күні мен Қазақстан Республикасына келген күні арасындағы үзіліс үш айдан аспаса, республикадан тыс жерлерде оқыған уақыты;

3) егер іссапардың аяқталуы мен Қазақстан Республикасына келген күнінің арасындағы үзіліс үш айдан аспаса, республикадан тыс жерлерге іссапарға барған уақыты есептеледі.

Науқастанып қалған, дүлей апат болған жағдайда немесе басқа да дәлелді себептер бойынша үш айлық мерзімді есептеу тоқтатылады.

Қазақстан Республикасының соты және (немесе) басқа мемлекеттердің сот органдары тағайындаған қылмыстық жазалау шараларын өтеу уақыты, республика аумағында іссапарда болған, емделген мерзімі және басқа да уақытша тұрған жағдайлар Қазақстан Республикасы аумағында тұру мерзіміне есептелмейді.

Қазақстан Республикасының азаматтығына адамның тиістілігінің күші жойылғаннан бұрынғы кезең Қазақстан Республикасы аумағында тұру мерзіміне есептелмейді.

17. Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан адамдар Қазақстан Республикасы Президентінің атына Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішхаттар (өтініштер) береді және тұрақты тұратын жері бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына оны тапсырады.

Өтінішхатта (өтініште) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың себептері көрсетіледі.

18. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;
- 2) өмірбаян;
- 3) өлшемі 3,5x4,5 сантиметр (бұдан әрі – см) төрт фотосурет;
- 4) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;
- 5) жеке басты куәландыратын және басқа мемлекеттің азаматтығына тиесілігін растайтын құжаттың, азаматтығы жоқ адамның куәлігінің, баланың туу туралы куәлігінің көшірмелері;
- 6) тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген басқа мемлекеттің азаматтығын алмағандығы немесе оны тоқтатқандығы туралы анықтама (осы Қағиданың 15-тармағының 1) тармақшасының екінші бөлігінде көрсетілген ішкі істер органына Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау туралы және біруақытта келген мемлекеттің азаматтық мәселелері бойынша шешім қабылдайтын лауазымды адамына шетел азаматтығынан бас тартқаны туралы нотариалды куәландырылған жазбаша өтініш жасаған адамдарды қоспағанда. Бұрынғы азаматтықтан бас тарту туралы өтініштің көшірмесі азаматтыққа қабылдау туралы материалдарға қоса тігіледі);
- 7) мемлекеттік баж салығының төленгені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат;

8) Заңның 17-бабының 14) тармақшасына сәйкес ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайтын көлемде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін, сондай-ақ Қазақстан тарихын білуін растайтын сертификат қоса беріледі.

Санамаланған құжаттармен бірге:

кәсіби тізбенің талаптарына жауап беретін адамдар және Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 6 маусымдағы № 1587 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың жеңілдетілген тәртібі белгіленетін адамдар үшін талаптар – бейінді мемлекеттік органның қолдауымен;

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішхат (өтініш) білдірген адам өтініш берген сәтте Қазақстан Республикасының азаматымен некеде тұрса, онда неке туралы куәліктің нотариалды куәландырған көшірмесін тапсырады.

Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында келген және жақын туыстарының біреуі Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары олардың Қазақстан Республикасының азаматтарымен туыстық деңгейін куәландыратын құжаттарды (туу туралы куәлік, неке туралы куәлік және т.б.) ұсынады.

Шет тілінде жасалған құжаттар қазақ не орыс тіліне аударылуы тиіс.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес бір тілден екінші тілге аударылғанын нотариус куәландырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Консулдық жарғысының 60-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары шетел мемлекеттері билігінің қатысуымен жасалған немесе сол биліктен шығатын құжаттар мен актілерді, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған Халықаралық шарттармен өзгеше көзделмесе, заңдастыру болған кезде қаралуға қабылдайды.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.10.2021 № 642 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 27.08.2022 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.07.2024 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

#### **4-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру тәртібі**

**Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында тұрған адам өзінің өтінішхаты (өтініші) бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығы қалпына келтіріледі. Бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында тұрған адамға осы Қағидалардың 15-тармағының 1) тармақшасындағы ережелер қолданылмайды. Алайда, бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту тіркелген адам Қазақстан Республикасының азаматтығына жалпы негіздерде қабылданады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтінішхат (өтініш) Қазақстан Республикасы Президентінің атына жазылады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;
- 2) өмірбаян;
- 3) өлшемі 3,5x4,5 см төрт фотосурет;
- 4) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;
- 5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 6) тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген басқа мемлекеттің азаматтығының жоқтығы немесе тоқтатылғандығы туралы анықтама;
- 7) мемлекеттік баж салығын төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат;
- 8) бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса беріледі;
- 9) Заңның 17-бабының 14) тармақшасына сәйкес ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындайтын көлемде мемлекеттік тілді қарапайым деңгейде, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін, сондай-ақ Қазақстан тарихын білуін растайтын сертификат қоса беріледі.

Шет тілінде жасалған құжаттар қазақ не орыс тіліне аударылуы тиіс.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес егер тиісті тілдерді білетін болса, нотариус бір тілден екінші тілге аударылған аударымның дұрыстығын куәландырады. Егер нотариус тиісті тілдерді білмейтін болса, аударманы аудармашы жасап, қойған қолының түпнұсқалығын нотариус куәландырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Консулдық жарғысының 60-тармағына сәйкес егер, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттер билігінің қатысуымен жасалған немесе осы биліктен шығатын құжаттар мен актілер заңдастырылған жағдайда ғана қарауға қабылданады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.08.2022 № 706 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 29.07.2024 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған, азаматтығын қалпына келтірген адамдарға ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығы қалпына келтірілгені туралы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мөрмен куәландырылған анықтама береді, олар Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігімен және паспортымен құжаттандыру үшін негіз болып табылады, оларды шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар ретінде есептен шығарады.

#### **5-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығына жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) қабылдау тәртібі**

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғызстан Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы 1996 жылғы 26 ақпандағы азаматтықты алудың жеңілдетілген тәртібі туралы Келісімге (Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған) (бұдан әрі - Келісім) сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаудың жеңілдетілген тәртібіне Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының, Қырғыз Республикасының азаматтары жатады.

Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алу және басқа Тараптың азаматтығын тоқтату үшін облыстардың ПД бастығының атына және біруақытта азаматтық мәселелері бойынша шешім қабылдайтын келген мемлекеттің лауазымды адамына шетел азаматтығынан бас тартқаны туралы нотариалды куәландырылған жазбаша өтінішхатпен (өтінішпен) жүгінеді.

Өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;
- 2) өмірбаян (ерікті нысанда);
- 3) бұрынғы азаматтығынан бас тарту туралы өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 4) өлшемі 3,5 x 4,5 см. төрт фотосурет;
- 5) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;
- 6) жеке басын куәландыратын және Келісімге қатысушы елдердің біреуінің азаматтығына тиесілігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7) туу туралы және неке туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

8) мемлекеттік баж төлеу және оны төлеуден боастылғаны туралы құжат қоса беріледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Қажет болған жағдайда шарттардың біреуінің бар екендігін растайтын жеңілдетілген тәртіппен азаматтықты қабылдауға қажетті құжаттар қоса беріледі. Туу туралы куәліктің, паспорттың, Қазақстан Республикасының аумағында туғандығын растайтын басқа да құжаттың көшірмелері, 1991 жылғы 21 желтоқсанға дейін тұрғылықты жері бойынша азаматтық алатын Тараптың аумағында тіркелгендігі туралы белгісі бар паспорт парағының немесе бұл туралы құзыретті орган анықтамасының көшірмесі, неке туралы, туу туралы куәлігінің көшірмесі немесе Қазақстан Республикасының азаматтарымен туыстық байланысын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі пайдаланылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 24.06.2021 № 366 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы 1957 жылғы 29 қаңтардағы конвенцияға (Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 29 қаңтардағы Заңымен ратификацияланған) сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында заңды негізде тұрақты тұрып жатқан және Қазақстан азаматымен тұрмыста тұрған шетелдік әйел облыстардың ПД бастығының атына жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдау туралы және біруақытта келген мемлекеттің азаматтық мәселелері бойынша шешім қабылдайтын лауазымды адамына шетел азаматтығынан жазбаша бас тартудың нотариалды куәландырылған өтінішхатпен (өтінішпен) жүгінеді

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) бұрынғы азаматтығынан бас тарту туралы өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;

3) өлшемі 3,5x4,5 см төрт фотосурет;

4) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;

5) шетелдік мемлекеттің азаматтығына тиесілігін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) неке туралы куәлігінің көшірмесі;

7) жұбайы - Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

8) мемлекеттік баж салығын төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

24. Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұру мерзіміне қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында заңды негіздерде тұрақты тұратын қандастар, өздерінің ерік қалауынан тыс азаматтығынан айырылған немесе азаматтығын жоғалтқан жаппай саяси қуғын-сүргіннің ақталған құрбандары, сондай-ақ олардың ұрпақтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ПД бастықтарының атына өтінішхатпен (өтінішпен) жүгінеді.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар тігіледі:

- 1) бұрынғы азаматтықтан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініш;
- 2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;
- 3) өлшемі 3,5x4,5 см төрт фотосурет;
- 4) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;
- 5) жеке басты куәландыратын және басқа мемлекеттің азаматтығына тиесілігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 6) өмірбаян;
- 7) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын қандастар – қандастың куәлігі;
- 8) жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар – жоғары оқу орнынан осы оқу орнында оқу фактісін растайтын анықтама;
- 9) жоғары оқу орындарында оқитын этникалық қазақтар үшін ұлтын растау туралы анықтама;
- 10) мемлекеттік баж салығын төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат;
- 11) саяси қуғын-сүргіннің құрбандары болып табылатын адамдар – ақталғаны туралы соттың шешімі немесе саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпағы болып табылатынын растайтын құжаттар.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.08.2022 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24-1. Тұрақты тіркеуі жоқ қандастар тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) алу үшін ПД бастығының атына және біруақытта азаматтық мәселелері бойынша шешім қабылдайтын келген мемлекеттің лауазымды адамына шетел азаматтығынан бас



тартқаны туралы нотариалды куәландырылған жазбаша өтінішхатпен (өтінішпен) жүгінеді. Өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар тігіледі:

1) тұрақты тұруға рұқсатты алу және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға тіркеу осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;

2) бұрынғы азаматтықтан бас тарту туралы нотариалды куәландырылған өтініш;

3) осы Заңның 1-бабында көзделген шарттарды сақтау туралы міндеттемесі;

4) ұлттық паспортының, азаматтығы жоқ адамның құжатының көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін);

5) бірлесіп өтініш берген кезде он алты жасқа толмаған баланың туу туралы куәлігі немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмесі және түпнұсқасы (салыстыра тексеру үшін);

6) жеке өмірбаяны қазақ не орыс тілінде;

7) азаматтығы тиесілілігі немесе тұрақты тұратын мемлекетте соттылығы (соттылығының болмауы) туралы тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген құжат (Қытай Халық Республикасы азаматтарының этникалық қазақтарын қоспағанда, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе);

8) өтініш берушіге тұруға тұрғын үй ұсыну және тұрақты тіркеу есебіне қою туралы жеке немесе заңды тұлғаның нотариалды куәландырылған өтініші;

9) "Шетелдіктерде және азаматтығы жоқ адамдарда болуы олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығына сәйкес шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға келуге тыйым салынатын сырқаттардың бар-жоғы туралы шетелдіктің медициналық куәландыру туралы анықтамасы, (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7274 болып тіркелген);

10) 14-тен 18-ге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған балалар ата-анасының өтінішіне өзінің нотариалды куәландырылған жазбаша келісімін қоса ұсынады;

11) өлшемі 3,5 x 4,5 см төрт фотосурет;

12) мемлекеттік баж салығын төлегені туралы құжат;

13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 36 қаулысымен бекітілген Дактилоскопиялық және геномдық тіркеуді жүргізу қағидаларына сәйкес берілетін шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның дактилоскопиялаудан өткені туралы анықтама.

**Ескерту. Қағида 24-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 27.08.2022 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 29.02.2024 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

25. Өтініш берушілер жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) жүгінген кезде ұсынылатын өтінішхатқа (өтінішке) құжаттардың көшірмелері (паспорт, туу туралы куәлік, неке қию туралы куәлік, бұрынғы азаматтығынан бас тарту туралы өтініш) нотариалды куәландырылады.

Шет тілінде жасалған құжаттар қазақ не орыс тіліне аударылуы тиіс.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабына сәйкес егер тиісті тілдерді білетін болса, нотариус бір тілден екінші тілге аударылған аударымның дұрыстығын куәландырады. Егер нотариус тиісті тілдерді білмейтін болса, аударманы аудармашы жасап, қойған қолының түпнұсқалығын нотариус куәландырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Консулдық жарғысының 60-тармағына сәйкес егер, Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттер билігінің қатысуымен жасалған немесе осы биліктен шығатын құжаттар мен актілер заңдастырылған жағдайда ғана қарауға қабылданады.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 27.08.2022 № 706 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Өтінішхаттарды (өтініштерді) қарау нәтижелері бойынша дәлелді қорытынды шығарылады, оны ПД бастығы немесе оның орынбасары бекітеді, ол туралы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы анықтаманы жолдау арқылы Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алумен байланысты мәселелер жөніндегі материалдарды ұсынған қалалық, аудандық ішкі істер органдарына хабарланады. Қалалық, аудандық ішкі істер органдары ПД-ден шешімдерді алғаннан кейін өтініш иесін өтінішхатты (өтініштерд) қарау нәтижелері туралы хабарлайды және мөрмен куәландырылған анықтама береді, ол Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігімен және паспортымен құжаттандыру үшін негіз болып табылады, оларды шетелдік ретінде есептен шығарылады. Азаматтық алу туралы анықтаманың түбіртегі ПД-ге материалдарға тігу үшін жолданады.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы анықтамамен біруақытта жеңілдетілген тәртіппен азаматтыққа қабылданған адамдар осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарлама-міндеттеме алады. Хабарламаның екінші данасы өтініш иесінің жеке ісіне тігіледі.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

27. Егер де өтініш иесі азаматтық алу туралы өтінішхатты (өтінішті) қарау кезеңінде мекенжайын ауыстырса, өтінішті қараудың нәтижелері туралы оның жаңа мекенжайындағы ішкі істер органына хабарлайды.

28. Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау немесе азаматтығын қалпына келтіру туралы өтінішхат (өтініш) Заңның 17-бабында көзделген негіздер болған кезде қабылданбайды.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.07.2024 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

29. Қазақстан Республикасының азаматтығын алудың жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен) туралы материалдарды қарау мерзімі өтініш берген сәттен бастап үш айды құрайды.

30. 18 жасқа дейінгі балалардың азаматтығы Келісімнің ережелеріне сәйкес айқындалады.

31. Келісімге қатысушы елдердің құзыретті органдарынан Қазақстан Республикасы азаматының өзге мемлекеттің азаматтығын қабылдағаны туралы ақпарат келіп түскен жағдайда ішкі істер органдары есептерге өзгерістер енгізеді.

## **6-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу тәртібі**

**Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Республиканың аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің атына өтінішхат (өтініш) береді және оны тұрақты тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына тапсырады.

Өтінішхатқа (өтінішке) мыналар:

- 1) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;
- 2) өмірбаян;
- 3) 3,5 x 4,5 см өлшемдегі үш фотосурет;
- 4) жеке куәлігінің, баланың туу туралы және неке туралы куәліктерінің көшірмесі;
- 5) жұмыс, оқу орнынан, сондай-ақ атқарушы өндірісі аумақтық органынан мемлекет алдында атқарылмаған міндеттердің не азаматтардың, мемлекеттік органдардың және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың мүдделеріне байланысты мүліктік міндеттемелерінің болуы немесе жоқтығы туралы анықтама;

б) әскерге шақырылу жасындағы адамды міндетті әскери қызмет өткеруден босату не босату мүмкін еместігі туралы қорғаныс істері бойынша аумақтық департаменттерінен берілген анықтама;

7) мемлекеттік баж салығын төлегені немесе оны төлеуден босатылғаны туралы құжат қоса тіркеледі.

33. Өтініш берушінің Қазақстан Республикасында күйеуі (әйелі) болса немесе оның асырауында адамдар бар болса, ол осы адамдардың оған қатысты материалдық және өзге де наразылықтары жоқ екендігі туралы нотариалды куәландырылған өтінішін ұсынады.

34. Нотариалды куәландырылған некенің бұзылғаны, ата-анасының біреуінің қайтыс болуы, асырап алу, қамқоршылық және қорғаншылық (тиісті жергілікті атқарушы органның шешімі), ата-аналық құқығынан айыру, алимент төлеу туралы құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Егер ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылса және олардың біреуі біруақытта азаматтықтан кәмелетке толмаған баласын шығару туралы өтініш бере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығатын болса, онда баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына оны тиесілігі айқындалған нотариалды куәландырылған екінші ата-ананың өтініші ұсынылады.

35. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы сауалнама-өтінішті беру кезінде өтініш иесіне Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтудың құқықтық және өзге де салдары түсіндіріледі, бұл туралы материалдарға қоса берілген және өтініш иесі қол қойған осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтамаға тиісті жазба жазылады.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

36. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы өтінішхаттар (өтініштер) бойынша ерікті нысанда ПД жасаған қорытындыларда өтініш берушінің мемлекет алдында орындалмаған міндеттемелері немесе азаматтардың немесе кәсіпорындарды, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің айтарлықтай мүддесімен байланысты оның мүліктік міндеттемелері туралы, оның айыпталушы ретінде қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны туралы, не оның соттың заңды күші бар үкімімен жазасын өтегені туралы, не оның сот үкімінің заңды күшіне енуі бойынша жазасын өтеуі туралы не осы адамның азаматтықтан шығуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігінің мүдделеріне қайшы келетіндігі туралы, азаматтықтан шығу себептері мен дәлелдері туралы нақты мәліметтер хабарланады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

37. ПД Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы шешім болған адамдардан Қазақстан Республикасының жеке куәлігін және паспортын алып қояды

және Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы осы Қағиданың 12-тармағына сәйкес осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама береді.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

38. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға егер шығу туралы өтініш беруші адамның Қазақстан Республикасының алдында орындалмаған міндеттері немесе азаматтардың немесе Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің мүдделеріне байланысты мүліктік міндеттері бар адамдарға бас тартылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға өтінішхат беруші адам айыпталушы ретінде қылмыстық жауапкершілікке тартылса, не соттың күшіне енген үкімімен жазасын өтесе немесе Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігінің мүдделеріне қайшы келтіретін болса рұқсат етілмейді.

## **7-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеу тәртібі**

**Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.10.2021 № 642 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

39. Қазақстан Республикасының азаматтығы Заңның 21-бабында көзделген негіздер бойынша жоғалады.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.07.2024 № 592 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Қазақстан Республикасының азаматының жеке куәлігімен немесе паспортымен тұрып жатқан адамның Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтыны, басқа мемлекеттің азаматтығына тиесілігін растайтын құжаттарының бар екендігі туралы мәліметтер және өтініштер келіп түскен кезде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары үш жұмыс күні ішінде әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығына ҚАОААЖ арқылы прокуратура органдарының құқықтық статистика және арнайы есепке алу бөліністерінде тексеруді жүргізеді, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының барлық есептері және Қазақстан Республикасынан шығуды немесе оған кіруді растау үшін "Бүркіт" БАЖ бойынша тексереді.

Тексеріс нәтижелері бойынша екі күн ішінде ПД бастығы немесе жетекшілік ететін орынбасары бекіткен дәлелді қорытынды шығарылады.

Қазақстан Республикасының аумағына келген адамның Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңнама бұзғаны анықталған жағдайда оған

қатысыты азаматтықты жоғалту тіркелген адам Қазақстан Республикасының " Өкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің талаптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.10.2021 № 642 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40-1. Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеу үшін келіп түскен мәліметтер негізінде лауазымды адам мынадай құжаттардан тексеру материалын қалыптастырады:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды одан әрі тіркеу үшін тексеру іс-шараларын өткізу үшін негіздер (мәліметтер);
- 2) Қазақстан Республикасының паспортын және (немесе) жеке куәлігін ( құжаттардың түпнұсқасы болмаған жағдайда) ресімдегенін растайтын мәліметтер;
- 3) "Бүркіт" БАЖ-дан шекарадан өткені туралы мәліметтер;
- 4) ҚАОААЖ, Қазақстан Республикасы ішкі істер органының барлық есептері бойынша мәліметтер;
- 5) шетел мемлекетінің азаматтығы болуын растайтын құжат.

Шетел мемлекетінің азаматтығы болуын растайтын құжаттары болмаған жағдайда адамға қатысты шетел мемлекетінің құзыретті органдарына сұрау салу жолдайды.

Шетел мемлекетінің азаматтығы болуын растайтын мәліметтің болмауына байланысты белгіленген мерзімде мәліметтерді немесе өтініштерді қарау мүмкін болмаған жағдайда шетел мемлекетінің азаматтығы болуы туралы растайтын мәліметтерді алғанға дейін азаматтықты жоғалтуды тіркеу тоқтатылады. Сұрау салудың көшірмесі істің материалдарына тігіледі.

**Ескерту. Қағида 40-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 18.10.2021 № 642 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40-2. Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және басқа мемлекеттің азаматтығын қабылдаған адам азаматтықты жоғалтуды тіркеу үшін ішкі істер органдарына күнтізбелік отыз күн ішінде мынадай құжаттарды тапсырады:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтуды тіркеу туралы еркін түрде өтініш;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты және (немесе) жеке куәлігі ( түпнұсқасы);

Қазақстан Республикасының паспортын және (немесе) жеке куәлігін жоғалтқан жағдайда адам жазбаша түсініктеме береді.

- 3) шетел мемлекеті азаматының паспортының көшірмесі немесе шетел мемлекетінің азаматтығы болуын растайтын құжат;

Лауазымды адам жеке басын куәландыратын құжаттарды алып қою туралы хаттама толтырады.

**Ескерту. Қағида 40-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 18.10.2021 № 642 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. Қазақстан Республикасының азаматтығынан жоғалтуды тіркеу Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген адамға оны Қазақстан Республикасының азаматтығынан жоғалту жөнінде шешім қабылдаудың негіздері және себептері туралы хабарланғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының азаматтығынан жоғалтуды осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан жоғалтқан адамдарды есепке алу журналына тіркейді.

Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан адамдар туралы он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Халықты құжаттандырудың деректер базасына мәлімет енгізеді және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне хабарлайды.

Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органынан Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тіркелген адамның шетелдік қарулы қақтығыстарға, шет мемлекет аумағындағы экстремистік және (немесе) террористік әрекетке қатысуы туралы ақпарат түскенде ішкі істер органдары осы адамға қатысты Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқандығын тіркейді.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41-1. Ата-анасы азаматтықты жоғалтқан жағдайда баланың азаматтығы "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

**Ескерту. Қағида 41-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 18.10.2021 № 642 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **8-тарау. Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін анықтау тәртібі**

**Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

42. Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін анықтауға:

1) 1974 жылғы үлгідегі КСРО-ның паспорттарымен немесе оларды жоғалтқандар, 1992 жылғы 1 наурызға Қазақстан Республикасында тұрақты тіркеуде тұрмағандар;

2) халықты құжаттандырудың деректер базасы бойынша есепте жоқ және пәтер немесе шаруашылық кітаптарда тұрақты тұратынын растай алмайтын Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды алмаған он сегіз жастан асқандар;

3) алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 24.06.2021 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) Қазақстан Республикасының аумағында туғандар және шет мемлекеттік азаматтығында тұрмайтындар;

5) оларды экстрадициялау туралы сұрау салу келіп түскен адамдар жатады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 25.11.2016 № 1097 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2021 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

43. Адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ПД бастықтарының атына Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін анықтау туралы өтінішхат (өтініш) жазады және оны тұрақты тұрғылықты жері бойынша қалалық, аудандық ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөліністеріне, ал тіркеу болмаған жағдайда нақты тұратын орны бойынша тапсырады.

Өтінішхатқа (өтінішке) мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) Қағиданың 42-тармағында көрсетілген, шарттардың біреуінің барын растайтын құжат;

2) өмірбаян;

3) өлшемі 3,5x4,5 см төрт фотосурет;

4) іске қатысты басқа да құжаттар (туу туралы куәлік, еңбек кітапшасы, әскери билет, орта немесе толық орта емес білімі туралы аттестат, диплом, шаруашылық бойынша кітаптан үзінді көшірме, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасында тұратын фактісін растайтын кемінде үш куәгердің өтініштері).

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары азаматтыққа тиесілігін анықтау бойынша материалдарды қалыптастыру кезінде тұрғылықты жері бойынша жауап алу хаттамасын осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды.

Өтінішхаттарды (өтініштерді) қарау мерзімі күнтізбелік отыз күнді құрайды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдік мекемелерінен жауаптың болмауынан белгіленген мерзімде өтінішті қарау мүмкін болмаған жағдайда өтінішхатты (өтінішті) қарау уақытша тоқтатылады, ол туралы өтініш иесіне хабарлама жолданады, оның көшірмесі істің материалдарына тігіледі.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).



44. Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі бар екені анықталған адамдарға оларды Қазақстан Республикасы азаматының паспортымен және жеке куәлігімен құжаттандыруға негіз болып табылатын осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама беріледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі анықталмаған адамдарға ішкі істер органдары азаматтығы жоқ адамның куәлігімен құжаттандырады.

## **9-тарау. Азаматтығынан айыру тәртібі**

**Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 11.07.2018 № 505 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Қағида 9-тараумен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 28.07.2017 № 514 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Азаматтықтан айыруға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жағдайларда террористік қылмыстар жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана жол беріледі.

46. Азаматтығынан айыру он сегіз жасқа дейін қылмыс жасаған адамдарға тағайындалмайды.

47. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру туралы күшіне енген сот үкімі келіп түскеннен кейін ішкі істер органдары азаматтығынан айыру туралы қорытынды (ерікті нысанда) шығарады, оны облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың ПД бастықтары не олардың орынбасарлары бекітеді.

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

48. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адамдар туралы ішкі істер органдары қорытынды бекіткен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы халқының құжаттандырылған деректер базасына мәліметтер енгізеді.

Қазақстан Республикасының  
азаматтығына қабылдау және  
Қазақстан Республикасының  
азаматтығын қалпына келтіру,  
оның ішінде жеңілдетілген  
тәртіппен (тіркеу тәртібімен),  
азаматтықтан шығу,  
азаматтықты жоғалту мен одан  
айыру және  
Қазақстан Республикасының  
азаматтығына жататындығын  
айқындау мәселелері бойынша

өтінішхаттарды (өтініштерді)  
ішкі істер органдарының  
қабылдау, ресімдеу және  
қарау қағидаларына  
1-қосымша

Ескерту. Қағидалар 1-қосымшамен толықтырылды –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алынып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 24.06.2021 № 366 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасының  
азаматтығына қабылдау және  
Қазақстан Республикасының  
азаматтығын қалпына келтіру,  
оның ішінде жеңілдетілген  
тәртіппен (тіркеу тәртібімен),  
азаматтықтан шығу,  
азаматтықты жоғалту мен  
одан айыру және  
Қазақстан Республикасының  
азаматтығына жататындығын  
айқындау мәселелері бойынша  
өтінішхаттарды (өтініштерді)  
ішкі істер органдарының  
қабылдау, ресімдеу және  
қарау қағидаларына  
1-1-қосымша

Ескерту. 1-1-қосымша жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

\_\_\_\_\_ бойынша

жеке тұлғалардың өтінішхаттарын (өтініштерін) есепке алу

ЖУРНАЛЫ

ЖУРНАЛ

учета ходатайств (заявлений) физических лиц

по \_\_\_\_\_

						Қарау нәтижелері

							Результаты
р/с № № п/п	Өтініштің түскен күні Дата поступления ходатайства (заявления)	Өтініш иесінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, мекенжайы Ф.И.О. (при его наличии) ) год рождения, адрес заявителя	Қолдау хаттың қысқа мазмұны Краткое содержание ходатайства (заявления)	Орындаушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) Ф.И.О. (при его наличии) исполнитель	Шығыс нөмірі материалдарды Қала аудандық ІІБ, ПД-ге, ІІМ-ге жолдаған күні Исходящий номер, дата направления материалов в ГОРОВД, ДП, МВД	Қолдау хаты қарауды тоқтатқан немесе қайта қарау уақыты, негіз Дата приостановления или возобновления рассмотрения ходатайств (заявлений), основания	

							рассмотрен ия
1	2	3	4	5	6	7	8

Басталды/Начато

Аяқталды/Окончено

Парақтардың саны/Количество листов

Сақтау мерзімі/Срок хранения

ПО

№ \_\_\_\_\_

20\_\_ж.г. " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
азаматтығына қабылдау және  
Қазақстан Республикасының  
азаматтығын қалпына келтіру,  
оның ішінде жеңілдетілген  
тәртіппен (тіркеу тәртібімен),  
азаматтықтан шығу,  
азаматтықты жоғалту мен  
одан айыру және  
Қазақстан Республикасының  
азаматтығына жататындығын  
айқындау мәселелері бойынша  
өтінішхаттарды (өтініштерді)  
ішкі істер органдарының  
қабылдау, ресімдеу және  
қарау қағидаларына  
2-қосымша

Құжаттарды қабылдау туралы № \_\_\_\_\_ анықтама

Справка о приеме документов № \_\_\_\_\_

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

\_\_\_\_\_ азаматының № \_\_\_\_\_ паспортына берілді

Выдана к паспорту № \_\_\_\_\_ гражданина \_\_\_\_\_

— Тегі \_\_\_\_\_

— Фамилия \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

— Имя \_\_\_\_\_

Әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

— Отчество (при его наличии) \_\_\_\_\_

Туған жылы \_\_\_\_\_

Дата рождения

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ол шын мәнінде Қазақстан

Республикасының азаматтығын қабылдау не одан шығу туралы өтініш білдірді.

В том, что он (а) действительно "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ года подал (а) ходатайство (заявление) о приобретении гражданства Республики Казахстан либо о выходе из гражданства Республики Казахстан.

Онымен бірге: \_\_\_\_\_

Вместе с ним (ней) ходатайствуют:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ өтініш берді.

\_\_\_\_\_ облысы ПД КҚҚБ бастығы

Начальник УМС ДП \_\_\_\_\_

М.О.

М.П.

№ \_\_\_\_\_ анықтама түбіртегі

Корешок справки № \_\_\_\_\_

Тегі \_\_\_\_\_

Фамилия

Аты \_\_\_\_\_

Имя

Әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_

Отчество (при его наличии)

Туған жылы \_\_\_\_\_

Дата рождения

Бұрынғы азаматтығы \_\_\_\_\_

Прежнее гражданство

Паспортының № \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

паспорта

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ол шын мәнінде Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау не одан шығу туралы өтініш білдірді.

В том, что он (а) действительно "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ года подал (а) ходатайство (заявление) о приобретении гражданства Республики Казахстан либо о выходе из гражданства Республики Казахстан.

Онымен бірге: \_\_\_\_\_

Вместе с ним (ней) ходатайствуют:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ өтініш

берді.

\_\_\_\_\_

(арнайы атағы, лауазымы, аты-жөні; специальное звание, должность, фамилия, имя, отчество (при его наличии))

\_\_\_\_\_ (қолы - подпись)

Анықтаманы алдым \_\_\_\_\_

Справку получил (а) (қолы - подпись)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

М.О.

М.П.

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу,

азаматтықты жоғалту мен  
одан айыру және  
Қазақстан Республикасының  
азаматтығына жататындығын  
айқындау мәселелері бойынша  
өтінішхаттарды (өтініштерді)  
ішкі істер органдарының  
қабылдау, ресімдеу және  
қарау қағидаларына  
3-қосымша

---

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

**Қазақстан Республикасының азаматтығын алудан, қалпына келтіруден және шығарудан бас тарту туралы анықтама**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда –ҚР Ішкі істер министрінің 28.03.2020 № 260 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, Көші-қон қызметі басқармасы (бөлімі)

---

---

---

---

---

---

---

\_\_\_\_\_ бас тартады.

Бас тарту негіздері көрсетіледі

Осы қолхат 2 данада жасалды, әр тарапқа біреуден.

\_\_\_\_\_ облысы ПД КҚҚБ бастығы

---

(арнаулы атағы, лауызымы, Т.А.Ә.)

---

(қолы)

М.О.

Орындаушы: Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Телефон \_\_\_\_\_

Алдым: Т.А.Ә./өтініш берушінің қолы \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту мен одан айыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) ішкі істер органдарының қабылдау, ресімдеу және қарау қағидаларына  
4-қосымша

\_\_\_\_\_ (аумақтық көші-қон қызметі бөлінісінің атауы)

Тіркеу нөмірі \_\_\_\_\_ (лауазымды адам толтырады)

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 29.07.2024 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

М.О. Фото суреттің орны

### **Сауалнама-өтініш**

Мені Қазақстан Республикасының азаматтығына жалпы, жеңілдетілген тәртіппен қабылдауды немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіруді сұраймын (керексізін сызып тастаңыз).

Осы өтінішпен жүгінуге ықпал еткен себептер.

\_\_\_\_\_ менімен бірге біруақытта менің кәмелетке толмаған балаларымды (ұлымды, қызымды,

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні мен жері, азаматтығы)

Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдауды сұраймын

Көрсетілген балалардың басқа ата-анасы туралы мәлімет (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), азаматтығы, тұрғылықты жері)



Өтініш беруші туралы мәлімет

1. Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) өзгерген жағдайда бұрынғы тегі, аты, әкесінің

аты (ол болған кезде), Өзгертудің себебі мен күні көрсетілсін)

2. Туған күні, айы, жылы мен жері \_\_\_\_\_

3. Жынысы \_\_\_\_\_ (еркек, әйел)

4. Қазіргі уақытта қай шет мемлекеттің азаматтығы бар (бұрын болды)

\_\_\_\_\_ (қайда, қашан және қандай негізде алынды және жоғалтты)

